



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

ИНФЛЯЦИЯЛЫҚ ҮРДІСТЕР

Желтоқсан **2023**

2023 жылғы желтоқсандағы жылдық инфляция – 9,8%, айлық инфляция 0,8% болды.

Жаңа піскен көкөніспен қамтамасыз ететін ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірушілер бағаны өсіргендіктен, бір айда жеміс пен көкөніс қымбаттады. Балық пен теңіз өнімдері бағасының өсімі жеделдеді. Қарақұмық жармасы мен күнбағыс дәнінің біршама қоры жиналғанына байланысты өсімдік майлары мен қарақұмық бағасы одан әрі арзандады. Сонымен қатар, қант өндірушілердің бағасы түсіп, қант бағасы да төмендегені байқалады.


Азық-түліктен басқа тауарлар ішінде киім мен аяқ киім, аудиовизуалды жабдықтар мен фотоаппаратуралар, ақпаратты өңдейтін жабдықтар бағасының бір айдағы өсу қарқыны баяулады. Сондай-ақ, автокөлік бағасы арзандағаны байқалады. Сонымен қатар, тұрмыстық техниканың бағасы өсті.

Ақылы қызметтердің ішінде бір айда реттелетін коммуналдық қызмет тарифі одан әрі қымбаттады, бірақ қарқыны баяулады. Шаштараздар мен сұлулық салондарының қызметі, қоғамдық тамақтану орындарындағы қызмет көрсету, демалыс, ойын-сауық және мәдени орындар қызметі, амбулаториялық қызмет, киім тазалау мен жөндеу бағасы өскенін айтып өткен жөн. Сонымен қатар, әуе билетінің бағасы арзандағанына байланысты көлік қызметінің бағасы төмендеді.

Осылайша, 2023 жылғы желтоқсандағы инфляция жыл басындағы көрсеткішпен салыстырғанда екі еседен астам баяулап (2023 жылғы ақпанда – 21,3%), 9,8% ж/ж болды. Бағалардың бір айдағы өсімі – 0,8%.

Көкөніс, майлардың арзандауы, автокөлік құралдарын сатып алу, сондай-ақ киім мен аяқ киім, жалдау ақысы, тұрғын үй-коммуналдық қызметтер бағасының өсімі баяулап, маусымдық факторлар ескерілмеген инфляцияның 0,7%-ға дейін баяулауына ықпал етті (1-кесте).

1-кесте. Инфляция көрсеткіштері, а/а




Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ, ҚР ҰБ есептеуі

Айлық инфляцияның баяулағанына қарамастан, әртүрлі әдістеме¹ бойынша есептелген маусымдық факторлар ескерілмеген базалық инфляцияның медианалық


¹ Базалық инфляция – бағаның тұрақты өзгеруін сипаттайтын шама. Қысқартылған орташа мән сол айдағы бағалардың ең аз 10% және ең көп 10% маусымдық факторлар ескерілмеген өзгерістерін есептен шығару арқылы есептеледі; ең құбылмалы 8 компонентсіз базалық инфляция инфляциядан соңғы 2 жылдағы бағалардың маусымдық факторлар ескерілмеген өзгерістерінің стандартты ауытқуы ең жоғары 8 компонентті алып тастау арқылы анықталады; медиана – сол айда маусымдық факторлар ескерілмеген бағаның өзгеруін бөлудің 50% процентилі. Қазақстан Ұлттық Банкі базалық инфляцияны көптеген тәсіл арқылы бағалайды. Есептеу әдістемелерінің сипаттамасы Ұлттық Банктің ресми сайтында «Қазақстанның базалық инфляцияны бағалау әдістері» мақаласында жазылған.

көрсеткіші 0,7%-ға дейін жеделдеді (2-кесте). Аннуализацияланған көрсеткіш 8,6%-ға дейін жеделдеді, бұл инфляцияның тұрақты бөлігінде баға өсімі сақталып отырғанын көрсетеді (2-кесте).



Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ, ҚР ҰБ есептеуі

Азық-түлік бағасының өсімі 8,5%-ға дейін баяулады (қарашадағы көрсеткіш – 9,2%). Азық-түлік инфляциясына ет және ет өнімдері, нан-тоқаш өнімдері мен жарма, жеміс-көкөніс көбірек әсер етіп отыр. Жалпы, осы тауарлардың жиынтық үлесі 5,2% (қараша айында – 5,6%) болды (3-кесте).



Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ, ҚР ҰБ есептеуі

Азық-түлік бағасының бір айдағы өсімі 2023 жылғы желтоқсанда 0,9% (қарашада – 0,7%) болды.

Жаңа піскен көкөніспен қамтамасыз ететін ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірушілер бағаны өсіргендіктен (0,6% а/а, 2,4% ж/ж), көкөніс бағасы 6,4%-ға (а/а) қымбаттағаны биылғы желтоқсандағы инфляцияның азық-түлік құрылымына айтарлықтай қысым түсірді. Сонымен бірге, балық пен теңіз өнімдерінің, сүт және ет өнімдерінің бағасы қымбаттағаны байқалады.

Жұмыртқа бағасының айлық өсімі 4,1% болды (қарашада – 5,6%). ҚР Сауда және интеграция министрлігінің Қазақстан құс өсірушілер одағы және Қазақстанның жұмыртқа өндірушілер қауымдастығымен 2023 жылдың аяғына дейін бірінші санаттағы жұмыртқа бағасын тұрақтандыру жөніндегі меморандумының қорытындысы нарықтағы жағдайға оң әсер ететін болады². Сонымен қатар, нан-тоқаш өнімдері мен жарма бағасының өсімі 0,4%-ға (а/а) дейін баяулады. Сондай-ақ тауарлардың ішінде ұн-жарма өнімдерін өндірушілердің бағасы төмендегендіктен, ұн бағасы арзандағаны байқалады. Кей жармалардың, оның ішінде қарақұмықтың біршама қоры жиналғанына байланысты қарақұмық бағасы 2%-ға арзандады (жыл басынан бері баға 22,6%-ға төмендеген). Күнбағыс дәнінің біршама қоры жиналғандықтан, күнбағыс майының бағасы 1,4%-ға (а/а) арзандады (жыл басынан бері баға 18%-ға төмендеді), бұл биыл жыл басында күнбағыс дәнін экспорттауға енгізілген тұрақты баж салығына³ байланысты болып отыр. Қант өндірушілер бағаны түсіргеніне байланысты қант бағасы 2,5%-ға (а/а) арзандады.

2023 жылғы желтоқсанда ішкі және сыртқы бағалардың өсу қарқыны арасындағы елеулі дифференциал ет өнімдері мен дәнді дақылдар арасында сақталады, өткен айда өсімдік майлары мен қант бойынша қысқарған дифференциал біршама алшақтағаны байқалады (4-кесте).

Екі ай қатарынан төмендеген астықтың әлемдік бағасы (ж/ж 16,6% төмендеді) биылғы желтоқсан айында 1,5%-ға (а/а) өсті, бұған негізінен Қара теңіз өңіріндегі сұраныс пен логистикалық ахуалдың күрделенуі әсер етті. Сондай-ақ, Украинадан жеткізілетін тауарлардың кешігуіне байланысты жүгері мен арпа сияқты жемге арналған дәнді дақылдардың бағасы өскенін атап өткен жөн. Ал күріш бағасы өндіруші елдердегі егіннің бітік шықпауына және Үндістанның экспорттық шектеулеріне байланысты 1,6%-ға өсті (а/а). Дәнді дақылдардың әлемдік бағасы қымбаттауына және нан-тоқаш өнімдері мен жармалардың ішкі бағасы үздіксіз өсіп отырғанына қарамастан, 2023 жылғы желтоқсанда да бағалардың айтарлықтай дифференциалы сақталып отыр.

Еттің сыртқы және ішкі бағалары арасындағы дифференциалдың алшақтығы одан әрі кеңейді, мұны ет өнімдерінің әлемдік бағасы төмендесе де, ішкі бағасының өсімі сақталғанымен байланыстыруға болады. Азия елдері тарапынан импорттық сұраныс аз, ал ірі өндіруші елдерде құс етінің экспорттық ұсынысы көп болды, осылайша 2023 жылғы желтоқсанда еттің әлемдік бағасы 1,0%-ға (а/а) (ж/ж 1,8%-ға төмендеді) төмендеді. Айта кету керек, 2023 жылғы желтоқсанда теңгенің АҚШ долларына шаққандағы номиналды айырбас бағамының нығаюына байланысты ет өнімдерінің сыртқы бағасы жедел арзандай бастады.

Өсімдік майларының әлемдік және ішкі бағалары төмендеп, дифференциалдың біршама кеңейгені байқалады. Сыртқы бағалар әлемдегі импорттық сұраныстың төмендеуіне байланысты арзандады. Осыған қарамастан, 2023 жылғы желтоқсанда теңгенің АҚШ долларына шаққандағы номиналды айырбас бағамының нығаюының әсерінен әлемдік бағалардың өсуінің баяулауы дифференциалдың кеңеюіне айтарлықтай қатты етті.


Әлем бойынша қант бағасының қымбаттауы күрт баяулады, осылайша әлемдік қант бағасының динамикасы 2023 жылғы желтоқсандағы ішкі бағалардың динамикасынан төмен қалыптасып отыр. Бұған негізінен Бразилиядағы қант ұсынысының мол болуы, сондай-ақ Үндістан үкіметінің осы маусымда этанол өндіру үшін қант қамысын пайдалануды азайту туралы шешімі әсер етті. Осылайша, қанттың әлемдік бағасы

² Интернет-ресурс: Қазақстан Республикасының Сауда және интеграция министрлігі. URL: <https://www.gov.kz/memleket/entities/mti/press/news/details/663927?lang=ru>

³ Интернет-ресурс: Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкі. URL: <http://zan.gov.kz/client/#!/doc/178165/rus>

қарашадағыдан 16,6%-ға төмен, бірақ өткен жылғы осы кезеңмен салыстырғанда 14,9%-ға жоғары болды.

4-кесте. Кей азық-түлік тауарларының әлемдік және ішкі бағасының динамикасы⁴, теңгемен, 2019 жел. = 100



Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ, UN FAO, ҚР ҰБ есептеулері


Азық-түлік емес тауарлар бағасының жылдық өсімі одан әрі баяулап, 9,1% болды (қарашада – 9,9%). Бұл тауарлар құрылымында киім-кешек пен аяқ киім, тұрмыстық заттар, жеке пайдаланылатын тауарлар, жанар-жағармай бағасының жылдық өсу қарқыны баяулағаны байқалады (5-кесте). Осы тауарлардың жылдық азық-түлікке жатпайтын инфляцияға қосқан жиынтық үлесі желтоқсанда 7,5% болды. Бұл ретте күн суытып, сұраныс көбейгендіктен, дәрі-дәрмектің үлесі артқаны байқалады.

Азық-түлік емес тауарлар бағасының айлық өсімі 0,5% (қарашада – 0,5%) болды, оның ішінде киім мен аяқ киім, аудиовизуалды жабдықтар мен фотоаппаратуралар, ақпаратты өңдейтін жабдықтар бағасының өсімі баяулады, автокөлік бағасы төмендеді.

Сонымен қатар, 2023 жылғы қыркүйектен бастап төмендеген тұрмыстық техниканың бағасы желтоқсанда 2,2%-ға өсті. Қатты отын бағасы одан әрі қымбаттады.


⁴ Теңгенің АҚШ долларына шаққандағы орташа айлық бағамын ескергендегі 2019 жылғы желтоқсаннан бергі (2019 жылғы желтоқсан = 100) тиісті индекстердің өзгеруі.

5-кесте. Тауарлардың азық-түлік емес инфляциядағы үлесі



2023 жылғы желтоқсанда **ақылы қызмет** бағасының өсімі жылдық мәнде 12,4%-ға дейін жеделдеді (қарашада – 12%). Бағаның бір айдағы өсімі 0,8% (қазан айында – 1,7%) болды (6-кесте).


6-кесте. Ақылы қызметтердің жылдық инфляциядағы үлесі



2023 жылғы желтоқсанда реттелетін коммуналдық қызмет тарифі 1,2%-ға өсті, оның ішінде электр энергиясы – 2,8%-ға, ыстық су 2,2%-ға қымбаттады. Жылу, су бұру, суық судың құны өзгерген жоқ (7-кесте). Бұл ретте газбен жабдықтау құны 0,2%-ға қымбаттады.

Ақылы қызметтер құрылымында шаштараз бен сұлулық салондарының қызмет көрсету бағасы 1,6%-ға (а/а), қоғамдық тамақтану орындарының қызметі 1,2%-ға, демалыс орындарының, ойын-сауық және мәдениет саласындағы қызмет көрсету құны 1,6%-ға, амбулаториялық қызмет 1,1%-ға, киім тазалау және жөндеу бағасы 2,5%-ға өскені байқалады. Әуе билеті бағасы 12,8%-ға (а/а) арзандап, көлік қызметінің бағасы 0,2%-ға төмендеді.

7-кесте. Өңірлер бойынша реттелетін ЖКҚ бағасының өсуі, 2023 жылғы қаңтар-қыркүйек, %




Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ


Өңдеуші өнеркәсіптегі өндіруші кәсіпорындар бағасы аралық тауарлар бағасының төмендеуі және күрделі тауарлар бағасының тұрақты өсуі нәтижесінде төмендеді. Өсімдік шаруашылығындағы баға төмендеп, мал шаруашылығындағы бағаның өсімі баяулады, бұл ретте 2023 жылғы желтоқсанда ауыл шаруашылығы өнімін өндірушілер бағасының төмендеуі жылдық мәнде баяулады.

Өңдеу өнеркәсібіндегі өндірушілердің бағасы 2023 жылғы желтоқсанда жылдық мәнде 2,2%-ға төмендеді, бұл өнеркәсіп сипатындағы қызметтердің бағасы төмендеуіне және аралық тауарлар бағасының баяу өсіміне байланысты болды (8-кесте).

8-кесте. Өнеркәсіптегі бағалар



9-кесте. Ауыл шаруашылығындағы бағалар



Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ

2023 жылғы желтоқсанда азық-түлік өндірушілердің бағасы жылдық мәнде 2,8%-ға төмендеді. Ұн-жарма өнімдерін, май өндірушілердің, жеміс пен көкөністі өңдеушілер мен консервілейтіндердің бағасы төмендегені байқалады. Ет өнімдері мен сүт өнімдерін

өндірушілер бағасының өсімі баяулады. Сонымен қатар, нан-тоқаш және макарон өнімдерін, сондай-ақ басқа да азық-түлік өнімдерін өндірушілердің бағасы өсті.

Азық-түлікке жатпайтын тауарлар ішінде жиһаз, автокөлік, жуу және тазалау құралдарын өндірушілердің бағасының өсімі баяулады. Сонымен қатар, киім өндірушілердің бағасы 2023 жылғы желтоқсанында өзгеріссіз қалып отыр.

2023 жылғы желтоқсанда ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірушілер бағасы одан әрі арзандады және жылдық мәнде 4,7% болды (2023 жылғы қарашада – 4,9%-ға төмендеген) (9-кесте). Өсімдік шаруашылығында дәнді дақылдардың, атап айтқанда бидай мен қарақұмықтың бағасы төмендеп жатыр. Сонымен қатар, майлы және кептірілген бұршақ тұқымдас көкөніс бағасының арзандауы, сондай-ақ жаңа піскен көкөніс бағасының өсімі баяулағаны байқалады. Жемге арналған дақылдар ішінде жемге арналған астық бағасының айтарлықтай түскені байқалады. Мал шаруашылығында тірі мал мен шикі сүт бағасының жылдық өсу қарқыны баяулады, сондай-ақ құс бағасы арзандады. Сондай-ақ, жұмыртқа мен табиғи бал өндірушілердің бағасы айтарлықтай өсті.